

«6D060300 - Механика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Байсбаева Оралхан Байтилеовнаның «Бейстационар сфералық дененің тартылыс өрісіндегі үш өсті бейстационар дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысын зерттеу» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Диссертациялық жұмыс аспан механикасының бейстационар екі дененің динамикалық эволюциясын зерттеудің маңызды мәселелерінің біріне арналған. Қазіргі заманауи астрономияның, сондай-ақ теориялық және аспан механикасының өзекті мәселесінің бірі – массалары, өлшемдері, пішіні және басқа да бірқатар физикалық сипаттамалары эволюция барысында уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын өзара гравитацияланушы бейстационар екі аспан денесінің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысын зерттеу болып табылады.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұсынылған диссертациялық жұмыс кіріспеден, З бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Бұл диссертациялық жұмыста аспан механикасының аспектілерінде центрлік өрістегі массасы әр түрлі қарқында изотропты түрде өзгеретін үш өсті дененің ғасырлық ұйытқу тендеулері және массаның айнымалылығының оның динамикалық эволюциясына әсері зерттелген.

Кіріспеде аспан механикасының қазіргі мәселелеріне шолу жасап, жұмыстың мақсаты, мәселенің өзектілігі, зерттеу міндеттері көрсетілген. Бейстационар денелердің динамикалық эволюциясы бойынша зерттеулердің қазіргі жағдайының талдауы ұсынылған.

Бірінші тарауда мәселенің жалпы физикалық қойылымы, массасы мен өлшемі айнымалы үш өсті бейстационар дененің инерция эллипсоиды және гравитациялық өрісі көрсетілген.

Екінші тарауда денелердің массалары және сзыбыты өлшемдері әртүрлі қарқында изотропты, радиалды түрде өзгеретін, сондықтанда қосымша реактивті күш және айналдыруыш момент туындармайтын жағдайдағы екі дene есебі қарастырылған. Массасы және өлшемі айнымалы өстік симметриялы дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысының дифференциалдық тендеулері салыстырмалы координаталар жүйесінде қорытып шығарылған. Оскулациялаушы Делоне-Андуайе элементтерінің аналогтарында бейстационар үш өсті дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысының ғасырлық ұйытқу тендеулері алынған. Алынған қозғалыс тендеулері мен интегралдарына квазиконустық құма бойымен апериодтық қозғалыс элементтерінде және Андуайе элементтерінде аналитикалық талдау жасалынған.

Үшінші тарауда ғасырлық ұйытқу тендеулері Mathematica жүйесінің көмегімен сандық тәсілмен шешіліп және графиктері алынған, массалары, радиустары тұрақты және айнымалы кезіндегі 4 жағдай салыстырылған.

Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Бірінші нәтиженің ғылыми жақалығы ретінде оскуляциялаушы Делоне-Андуайе элементтерінің аналогтарында центрлік өрістегі массасы мен өлшемі айнымалы үш өсті бейстационар дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысының ғасырлық ұйытқу тендеулері алынған.

Екінші нәтиженің жақалығы алынған ғасырлық ұйытқу тендеулеріне аналитикалық талдау жасалынған.

Үшінші нәтиженің жақалығы алынған ғасырлық ұйытқу тендеулері сандық тәсілмен шешіліп, Wolfram Mathematica пакетінің көмегімен графіктері алынған. Диссертациялық жұмыста изотропты айнымалы масса жағдайында алынған нәтижелер М.Ю. Баркин, В.В. Белецкийдің жүргізген зерттеулердің нәтижелерімен сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндалды. Диссертация материалдары бойынша 6 баспа жұмыстары, оның ішінде 2 мақала Thomson Reuters және Scopus деректер базасында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарында, 1 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында жарияланған.

Диссертациялық жұмыс бойынша ескертулер. Диссертациялық жұмыс мәтінінде қателер бар және пайдаланған әдебиеттердің жылдары есі. Соңғы жылдардағы жаңа әдебиеттерді пайдаланған жөн.

Бұл ескертулердің барлығы диссертациялық жұмыстың мазмұнына қатысты емес және жалпы диссертацияның сапасын төмендетпейді. Жоғарыда айтылған ескертулерді ізденуші назарға алып, жақын арада түзетеді деп ойлаймын.

Қорытынды. Ізденуші Байсбаева Оралхан Байтилеовнаның «Бейстационар сфералық дененің тартылышы өрісіндегі үш өсті бейстационар дененің ілгерілмелі-айналмалы қозғалысын зерттеу» тақырыбы бойынша өзектілігі, зерттеу көлемі, жаңашылдық дәрежесі, алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы бойынша «Ғылыми дәрежелерді беру ережесінің» талаптарына сәйкес келеді. «6D060300-Механика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін айтылған ескертулерді түзетуін ескере отырып, О.Б. Байсбаеваның диссертациясы қорғауға жіберілуін ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші
ф.-м.ғ.д., профессор**

М.Дж. Минглибаев

ел-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының кадрлардың даярлау және аттесттаттау басқармасының бағшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«14» 05 20 20 ж.т.